

Нысан
Форма
А4
Форматы
Формат А4

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД _____ КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО _____
ҚР ДСМ ҚДСК ШҚО ҚДСД Тарбағатай аудандық ҚДС басқармасы Тарбағатайское РУООЗ ДООЗ ВКО КООЗ МЗ РК		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы «30» мамырдағы №415 бұйрығымен бекітілген № 011/е нысанды медициналық құжаттама Медицинская документация Форма № 011/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от «30» мая 2015 года №415

Нысан
Форма
А4
Форматы
Формат А4

Санитариялық-эпидемиологиялық тексеріп карау

АКТІСІ

АКТ

Санитарно-эпидемиологического обследования

№ __

Мен (Біз) (Мною (Нами) *ҚР ДСМ ҚДСК ШҚО ҚДСД Тарбағатай аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының жетекшісі маман Қасқатаев Дәулет Рамазанұлы* лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.), (должность фамилия, имя, отчество (далее – Ф.И.О)

«ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау Комитетінің ШҚО ҚДСД Тарбағатай аудандық ҚДС басқармасы» РММ

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының атауы, наименование органа государственного санитарно-эпидемиологического надзора),

мыналардың: (с участием) *ясли - бақша тәрбиешісі Тобелбасова Култай Коксегеновна*

тексеруге қатысқан басқа мамандарды көрсетіңіз

(указать других специалистов, участвовавших в обследовании)

_____ қатысуымен

мамандар болғанда: (в присутствии)

"Жасұлан" ясли-бақшасы КМҚК менгерушісі м.а Емышева Назигүл Саханова, ШҚО, Тарбағатай ауданы, Тұғыл ауылы, Ш. Уалиханов к-сі, 25

лауазымды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлға

должность, Ф.И.О должностного лица или индивидуального предпринимателя

жасшысының лауазымы, Т.А.Ә. немесе жеке тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә.

или руководителя юридического лица или Ф.И.О. физического лица

"Жасұлан" ясли-бақшасы КМҚК, ШҚО, Тарбағатай ауданы, Тұғыл ауылы, Ш. Уалиханов к-сі, 25

нысанның, заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауы

наименование объекта, юридического лица или индивидуального предпринимателя)

басты

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы бойынша басқармасында № 186358000602012/00015, 07.08.2018 жылы тексеру тағайындау актісімен тіркеліп, ерекше тәртіп бойынша тексеру жүргізілді (проведено обследование).

тексеру түрін көрсету

(указать вид обследования)

(начато) 2018 жылғы (года) « 08 » 08 09 сағат (часов) 00 минутта (минут) басталды.

1. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы. № 04/ЗБ 11 қаңдар 2012 жылы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алынған.

2. Объект аумағында қоршаудың болуы, оның бүтіндігі. Ясли-бақшасы аумағының арнайы ақаусыз қоршауы бар. Аумағы абаттандырылған, шаруашылық аймақтарға бөлінген.

3. Объектінің сыртқы жарықтандыру жабдығының болуы. Сыртқы б-жарықтандырылуы қамтамасыз етілген, толықтай жарықтандырылған.

4. Объект аумағында функционалды олармен байланысы жоқ жарықтың болуы. Сыртқы жасанды жарық нысанның аумағында, санитариялық-ауалық қондырғыда орнатылған. Істен шыққаны болған жоқ.

Құқық

5. **Кіру жолдарының, кіре-берістердің, жаяу жолдардың, жолдардың қатты жабындысының болуы.** Кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, санитариялық-ауалық қондырғыларға, жаяу жүргінші апаратын жолдары атмосфералық жауын-шашын сулары суағарларға ағатындай, тазалауға қолжетімді қатты жабынмен жабылған.

6. **Жапқыштары бар қоқыс жинағыштардың болуы.** Арнайы бөлінген жерде, су өткізбейтін жабыны тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталмаған қоқыс жинағыштар шаруашылық аймақтағы үш жағынан қоршалған.

7. **Балалардың бойы мен жасына сәйкес келетін топтық және спорттық алаңшаларына арналған жабдықтардың болуы.** Ясли-балабақшадағы әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғану үшін топта 1 орынға 1,6 м² есебімен көлеңке қалқалары орнатылған. Топтық және спорт алаңдарындағы жабдық балалардың бойы мен жасына сай орналастырылған. Балалар үшін ойын алаңдарының төсеміне құм себілген.

8. **Барлық үй-жайларда еден, төбе және қабырға беттерінде, жабдық бетінде бұзылулардың болуы.** Балабақша келесідей бөлме жайлардан тұрады: қабылдау бөлмелері, дәліз, ас үйі, зал, жатын бөлмелер, қосалқы бөлмелер, санитарлық торап, ойын бөлмелері, медициналық кабинет.

Үй жайлардың қабырғалары 1,8 сырланған, еденіне линолеум төселген, асхана едені полданған, тазалық бөлмелерінің едендеріне линолеум, қабырғалары әктелген. Барлық үй-жайлардың едендерінің линолеум шеттері тығыз жапсырылған, ақауы жоқ. Тәрбиеленушілердің барлық бөлме ішкі әрленуі санитарлық норма қағидаларына сай келеді: қабырғалары эмульсионды су өткізбейтін бояумен боялған.

9. **Жылыту жүйесі батареяларында көршаушы құрылғыларының болуы.** Тәрбиеленушілердің күйікке шалдығуын және жарақат алуын болдырмау үшін жылыту құралдарын жылыту жүйесі батареяларында ағаш қоршаушы құрылғылары орнатылған.

10. **Балалардың бойы мен жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһаздың және жабдықтың болуы.** Жалпы жиһазы мен жабдығы балалардың бойына, жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Жабдықтың жиыны, саны және көлемі объектінің бейінін, үй-жайлардың ерекшелігін есепке ала отырып көзделген. Ясли-бақшасының ойын бөлмелері қажетті қатты жабдықтармен және ойыншықтармен жабдықталған. Ойыншықтардың қауіпсіздігін растайтын құжаттары алынған. Жылыту торлары ағаш тормен жабдықталған. Жатын бөлме бала санына сай қатты және жұмсақ төсек жабдықтарымен жабдықталған. Барлық төсек орындар таңбаланған, балалар тізімі таңбаға сай ілінген. Төсектердің ені 60 см, ұзындығы 140 см, Төсектер 2 қабатты. Төсек орын жабдықтары 3 данадан жабдықталған. Бір жатын орынға кемінде үш төсек-орын жиынтығының болуы көзделген.

11. **Ақаусыз жиһаздың, жұмсақ, қатты мүкәммалдың болуы.** Отырғыштар, табуреттер, арқалығы жоқ орындықтар пайдаланылмайды. Қабылдау бөлмесіндегі балалардың киіміне арналған шкафтары жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған імектермен жабдықталған. Топтардағы дәретхана бөлмелерінде балаларға арналған қолжұғыш, түбектерге арналған таңбаланған ұяшықтары бар сүлгіге шкаф-стеллаждар орнатылған, ілгіштері еденнен 60 – 80 см биіктікте биіктікте бекітілген. Бір жатын орынға үш төсек-орын жиынтығымен жабдықталған. Барлық төсек-орын жабдықтары (матрастар, жастықтар, көрпе) мен төсек-орын таңбаланған.

12. **Әр түрлі мақсаттағы үй-жайларда ыстық және суық су өткізілген раковиналардың, қолды жууға және кептіруге арналған құралдардың болуы.** Әр топтарда жеке-жеке санитарлық торап бөлмелері бөлек етіп қарастырылған. Топтардағы санитарлық торап бөлмесінің аудандары-10 м²., онда 4 қолжууға раковина балалардың бойына сай және 4 унитаз орнатылған. Балаларға арналған сүлгілер жеке ұяшықтарда ілінген.

13. **Түбектердің, жеке түбектерге арналған таңбаланған ұяшықтардың болуы (сәбилер мен кіші жастағы балаларға).** Түбектер жеткілікті, залалсыздандыруға арнайы ыдыспен жабдықталған, түбектерге арналған стеллажда ұяшықтары, таңбаланған.

14. **Балаларға арналған сатып алынған өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуы.** Тәрбиеленушілері үшін сүлгілер, түбектер, төсек жаймалары, ойыншықтары және т.б өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар.

15. **Ойыншықтарды жууға және өңдеуге арналған ыдыстарда таңбалаудың болуы.** Пайдаланылған ойыншықтарды күн сайын жұмыс күнінің соңында 2% сабынды-содалы ерітінді пайдалана отырып жуады, ағып тұрған судың астында шаяды және кептіреді. Ойыншықтарды жууға арналған ыдыс пен щетка таңбаланған.

16. **Ақаусыз ыстық және суық сумен қамтамасыз ету жүйелерінің болуы.** Су жүйесі

орталықтандырылған, ыстық суға 50 л «Арестон» топтарда, тазалық бөлмесінде орнатылған.

17. Ақаусыз жылыту, желдету, сумен қамтамасыз ету, суды бұру жүйелерінің болуы. Жылу жүйесі электрлік тоқ рақылы жылытылады. Жылыту құрылғыларының сыртында алынып салынатын тор қапталған. Желдету табиғи жолмен жүргізіледі, терезе форточкалары арқылы.

18. Жер астынан сумен қамтамасыз ету көзіне санитариялық қорғау аймағының болуы және сақталуы. Талап етілмейді.

19. Қолданыстағы гигиеналық нормативтер талаптарына сәйкестігіне судың зертханалық зерттеу нәтижелері. Зертханалық зерттеуге 2су сынамасы(микробиология, сан-химиялық) көрсеткішке алынды, нәтижесі нормаға сай.

20. Тасымалы сумен жұмыс істейтін объектілерде ауыз суды сақтауға арналған таңбаланған ыдыстар орнатылған жеке үй-жайлардың болуы. Талап етілмейді.

21. Су қыздырғыштарының болуы және жарамдылығы. Ясли-балабақшада су жүйесі орталықтандырылған, ыстық суға 50 л «Арестон» екі топтарда, тазалық бөлмесінде орнатылған.

22. Ауыз су режимінің болуы Ауыз су режимі ұйымдастырылған. Ауыз су, оның ішінде сыйымдылықтарға (шәйнектерге) өлшеп-құйылған және су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес. Қайнатылған ауыз су үш сағаттан аспайтын уақыт сақталған. Су ішу үшін таза ыдысты (жеке-жеке шыны стақандар) пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке подностар бөлінген.

23. Санитариялық-ауалық қондырғылардың болуы. Санитарлық торап бөлмелері бөлек етіп қарастырылған. Қызметкерлеріне қолжұғыш қойылған..

24. Ақаусыз жасанды жарықтың болуы. Жарық жүйесі табиғи терезелер арқылы және жасанды ыздыру шамдары арқылы беріледі. Жарық шамдары плафондармен қоршалған. Істен шыққан шамдар уақытылы ауыстырылған.

25. Қолданыстағы гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкестігіне жарықтың зертханалық зерттеу нәтижелері. Зертханалық зерттеулер жүргізілген жоқ.

26. Бір үй-жайда бір үлгідегі шамдардың, шамдарда плафондардың болуы. Барлық бөлмелерінің шамдары орнатылған, шамдарда қорғаныш плафондар орнатылған, таза күтіп ұсталған.

27. Іріктелген люминесцентті шамдарды сақтауға арналған үй-жайлардың болуы. Шамдарға арналған жеке бөлме қарастырылған.

28. Ақаусыз желдету жүйелерінің болуы. Желдету табиғи. Тәрбиеленушілер бөлмеде болмаған кезінде, рекреациялық үй-жайларды желдетіледі. Тәрбиеленушілер келгенге дейін және аяқталғаннан кейін барлық үй-жайларына өтпелі желдетуді жүзеге асырырылған.

29. Қолданыстағы гигиеналық нормативтер талаптарына сәйкестігіне шудың, желдету тиімділігінің зертханалық өлшеу нәтижелері. Өлшеу жүргізілген жоқ.

30. Объект үй-жайларында термометрлердің болуы. Жылыту үй-жайларында + 18 – 22 градус Цельсий ауаның температурасы көзделген, бөлмеде 0,8 – 1,2 м биіктікте бекітілген термометрлер орнатылған.

31. Қолданыстағы гигиеналық нормативтер талаптарына сәйкестігіне микроклиматтың зертханалық өлшеулер нәтижелері. Өлшеу жүргізілген жоқ.

32. Қолданыстағы гигиеналық нормативтерге сәйкестігіне дезинфекциялаушы ерітінділердің зертханалық зерттеу нәтижелері. Дезинфекциялық құрал ретінде ДП-2Т №RU 77.99.01.002 Е 03410108410 ТУ 9392-015-05807983-99 от 25.11.2015г. сақтау мерзімі 5 жыл, қолдану ережесі бойынша нұсқаулыққа сай жүргізіледі.

33. Тазалау құралдарын сақтауға арналған жеке үй-жайдың (арнайы орындардың), таңбаның болуы. Әр топқа арналған жеке жинау құралдары бар, арнайы орында сақталған. Таңбалық белгілері бар.

34. Тексерісті немесе жөндеуді (ауыстыруды) жүргізу бойынша орындалған жұмыстар актісінің болуы. Тексеру жұмыстары жүргізілген.

35. Уәкілетті органдарда объектінің апаттылығы туралы актілерінің болуы. Апаттылығы туралы құжат жоқ.

36. Жәндіктердің, кеміргіштердің және басқа буынаяқтылардың болуы. Ясли-бақшада жәндіктердің, егеуқұйрықтардың және тышқан тәріздес кеміргіштердің болуына жол бермеу мақсатында дезинсекциялық және дератизациялық шаралары ұйымдастырылған. Келісімшарт Ұлттық сараптама орталығының Тарбағатай ауданы бойынша бөлімшесімен № 1829 10.07.2018ж жасалынған.

37. Балалардың шомылу кестесінің болуы. Қарастырылмаған, талап етілмейді.

38. Инфекциялық науқастардың төсек жабдықтарын дезинфекциялауға арналған кір жуу, таңбаланған ванналарының болуы. Жұқпалы аурулар анықталу жағдайына байланысты іс-

шаралар ұйымдастырылған. Кір жуу орталықтандырылған, автомат машина бөлінген. Инфекциялық аурумен ауырғандардың киім-кешектерін жууға арналған таңбаланған ванналары бар, ванналарда киім алдын ала дезинфекциялауға жатқызылады. Тексеру барысында инфекциялық аурулар тіркелмеген.

39. Балалардың төсек-орын жабдықтарының және жеке гигиена заттарының (сабын, мәуесек, тіс щеткалары) болуы, олардың сақталуы. Төсек орын жабдықтарында тиісті таңбалары бар. Әр балаға арналған таңбаланған сүлгілері қойылған, сұйық сабындармен қамтамасыз етілген.

40. Тамақ ішу арасындағы интервалдың сақталуы. 4 уақыттық тамақтану қарастырылған. Аралығы 3,5-4 сағаттан аспайды: таңғы ас сағат 9.00, түскі ас сағат 12.30, бесін ас сағат 16.00, кешкі ас сағат 17.30.

41. Турау құралдарында, цех ішіндегі жабдықта және ас үй ыдыстарында таңбалаудың болуы. Бөлшектеу мұкамалдарымен (пышақ, тақта) қамтамасыз етілмеген, әр өнім түріне жеке-жеке арналған (нан, ПЕ, ПК, ШК, ШЕ, т.б.). Таңбалық белгілері бар, мақсатына сай пайдаланылмайды. Мынадай таңбасы бар асүй ыдыстары: «I тағам», «II тағам», «III тағам», «жұмыртқаларды өңдеуге арналған», шикі ет «ШЕ», шикі көкөністер «ШК», «дайын өнімге арналған», «шикі өнімге арналған» ыдыстары таңбаланған, мақсатымен қолданылады.

42. Жұмыртқаны сақтауға арналған таңбаланған ыдыс-аяқтың болуы. Жұмыртқаны сақтауға арналған таңбаланған ыдыстары қарастырылған.

43. Асхана және ас үй ыдыс-аяқғын кептіруге және сақтауға арналған жағдайлардың болуы. Ыдыстар тәңкерілген күйде стеллажжарда кептіріледі. Сақтауға арналған сөрелермен қамтамасыз етілген.

44. Шикізат пен өнімнің қауіпсіздігін куәландыратын құжаттардың болуы. Шикізат мен өнімнің қауіпсіздігін куәландыратын сапа құжаттары алынған (сертификат, ветеринарлық анықтама).

45. Қойма үй-жайларында, тоңазытқыш камераларында тамақ өнімдерін сақтауға арналған стеллаждардың, сөрелердің, түпқоймалардың болуы. Тамақ өнімдерін сақтау үшін шкафтармен, стеллаждармен, сөрелермен, сыйымдылығы белгіленген сақтау мерзімі шегінде барлық тез бұзылатын өнімдер мен жартылай фабрикаттарды сақтауға мүмкіндік беретін тоңазытқышпен жабдықталған 1-қойма қарастырылған. Қоймалар ауданы 6 ш.м.

46. Температуралық-ылғалдылық режимін сақтау. Қойма ішінде температуралық-ылғалдылық режимі сақталған.

47. Тамақ өнімдерін сақтау кезінде тауар көршілестігін сақтау. Тоңазытқышта «тауар көршілестігі» қағидаты сақталған: ерекше иі бар тағам өнімдері мен иіс сіңіретін тамақ өнімдері бөлек сақталған.

48. Өндірілетін өнімнің келешектегі мәзірінің болуы, тамақтану рационының келешектегі мәзірге сәйкес келуі. Шығарылатын өнімнің перспективалы мәзірі және ассортимент тізбесі мекеме басшысымен бекітілген. Тамақтану рационы тексеру барысында мәзірге сай.

49. Нақты мәзірдің, тағамдар картотекасының немесе рецептура жинағының болуы, тағамдардың қайталануына жолбермеу. Перспективалы маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық мәзір жасалынған. Өнімдердің ассортименті ескерілген. Балаларды тамақтандыру рационында витаминдік-минералдық кешенмен байытылған өнімдер көзделген. Тамақ дайындау тағамға кіретін өнімдердің тізбесі, олардың грамдағы массасы («брутто»), дайын тағамның «нетто» салмағы (тағамның шығысы), химиялық құрамы (граммен), құнарлығы, тағамды дайындау технологиясы туралы мәліметтер көрсетілген технологиялық карталарға сәйкес тағамдар картотекасын пайдалана отырып жүргізіледі. Мәзірде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде немесе келесі 2 – 3 күнде қайталауға жол берілмеген.

50. Дайындауға және өткізуге жол берілмейтін тағамдар мен азық-түлік өнімдерінің болуы. Дайындауға және өткізуге жол берілмейтін азық-түлік өнімдері анықталмады.

51. Тәуліктік сынамалардың болуы және сақталуы. Бүгінгі тексеру барысында: балабақша ас блогында күн сайынғы дайын өнімнің тәуліктік сынамасы қалдырылмаған, бұл ҚР ДСМ 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 117 тармағы.

52. Тыйым салынған тағамдардың, өнімдердің болмауы (соның ішінде фортификацияланбаған жоғары немесе бірінші сұрыпты бидай ұны). Тыйым салынған тағамдар, өнімдер жоқ. Ясли бақшада жоғары сұрыпты бидай ұны пайдаланылады.

53. Шикізаттың, дайын өнімнің зертханалық зерттеу нәтижелері. Зертханалық зерттеуге 3 тамақ сынамасы (борщ етпен, пелмен, кисель,) микробиологиялық көрсеткішке, 2 тамақ сынамасы КТО анықтауға, 3- тамақ сынамасы калория анықтауға, нитрат көрсеткішіне 4 жеміс-жидек алынды.
54. Сыртқы ортадан алынған жұғындардың зертханалық зерттеу нәтижелері. Ас блогы сыртқы ортадан ПТБ анықтауға 15 жұғын, алынды, нәтижесі теріс.
55. Ас блогы қызметкерлерінде және техникалық персоналда арнайы киімнің, ауыстыратын аяқ-киімнің болуы және қолданылуы. Ас блогында барлығы 2 қызметші бар: бас аспаз, ыдыс жуушы. Ас блогының қызметкерлері кемінде үш арнайы киім жиынымен қамтамасыз етілген. Ауыстыратын аяқ-киімдер бар. Ас блогынан шығатын жерде дәретханаға барған кезде арнайы киімді шешеді, асханаға қайтып келгенде қолды ыстық сумен, сабынмен және щеткамен мұқият жуады, содан кейін арнайы киімді киеді.
56. Ас блогы қызметкерлерінде бөгде заттардың, іріңді аурулардың және шағын жарақаттардың болуы. Ас блогы қызметкерлері таза арнайы киімде жұмыс істейді, шаштарын орамалдың немесе қалпақтың астына жинайды. Іріңді аурулардың, жарақаттардың белгісі жоқ. Күнделікті медбике жұмыс алдында тексеру жүргізіп отырады.
57. Персоналда алдын ала, мерзімдік және профилактикалық медициналық қарап тексерудің, жұмысқа рұқсаттың, гигиеналық оқытудың, жұмыс орнында жеке медициналық кітапшалардың болуы. Ясли бақшада барлығы 15 қызметкер жұмыс істейді, ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 24 ақпандағы №128 бұйрығы «Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларына» сәйкес тексерістерден өткен. Гигиеналық оқытуы бар.
58. Топта бір балаға аудан нормасының сақталуы. Ясли-бақшада 6 топ қарастырылған, жиыны 150 балаға арналған: 1 топ. 2-3 жас «Мұрагер» тобы-25 бала ойын бөлмесі-60,5., жатын бөлме -73 шаршы метр, 2 топ. «Балапан» тобы 2-3 жас -25 бала, ойын бөлмесі-62,5. Жатын бөлме -76 шаршы метр., 3 топ. «Балақай» тобы 3-4 жас-25 бала, ойын бөлмесі-63., жатын бөлме -75,5 шаршы метр., 4 топ. «Қарлығаш» тобы 3-4 жас-25 бала, ойын бөлмесі-62,5., жатын бөлме -76,5 шаршы метр., 5 топ. «Күңшуақ» тобы 4-5 жас-25 бала, ойын бөлмесі-62,5., жатын бөлме -76 шаршы метр., 6 топ. «Балдырған» тобы 4-5 жас-25 бала, ойын бөлмесі-61,5., жатын бөлме -75,5 шаршы метр.
59. Жұмыс орындарында электростатикалық өріс қуатының зертханалық өлшеу нәтижелері, аэроиндер концентрациясы мен жеке полярлық шу коэффициентінің деңгейі. Өлшеу жасалынған жоқ.
60. Объектіде медициналық қызмет көрсетудің болуы. Медициналық бөлмесінде едені линолеум, қабырғалары ылғалды тазартуға келетіндей өңделген. 1 медбике жұмыс істейді. Изолятор қарастырылған.
61. Медициналық жабдықтың және аспаптардың болуы. Медициналық кабинеттің жабдықталуы осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жабдықталған. Сондай-ақ алғашқы көмек қобдишасымен жабдықталған.
62. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуға бағытталған кешенді сауықтыру іс-шаралар жоспарының болуы. Шынықтыру жаттығулары күнделікті жасалынады. Дене тәрбиесі ұйымдастырылған.
63. Инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулар жағдайларын анықтау кезінде санитариялық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау. Инфекциялық және паразиттік аурулар жағдайлары тіркелу жағдайына байланысты, медициналық қызметкер күнделікті тәнертенгілік (фильтр) сүзгі балаларды қабылдайды.
64. Фтизиопедиатрда қосымша тексерілуге жататын тұлғалардың тексерілуін растайтын құжаттардың болуы. Фтизиопедиатр қарастырылмаған.
65. Инфекциялық және паразиттік ауруларға тұлғалардың тексерілгенін және тексерілуге жататын тұлғалардың тексерілуін растайтын құжаттардың болуы. Инфекциялық және паразиттік ауруларға тексерілуге жататын тұлғалар жоқ.
66. ЖРВИ және тұмау кезінде індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу алгоритмін сақтау. Мекеме басыысымен бекітілген ЖРВИ және тұмау эпидемиялық

кезеңіне байланысты іс-шаралар жоспары жоқ. Таңертеңгілік сүзгі ұйымдастырылған. Бөлмелерде жасалған балалар жоқ кезінде жүргізілді.

67. Инфекциялық сырқаттанушылықты есепке алу журналының болуы. Инфекциялық аурулардың тіркелу жағдайына журнал бөлінген. 2018ж 6 ай көлемінде инфекциялық аурулар тіркелмеген.

68. Соматикалық сырқаттанушылықтың есепке алу журналының болуы. Тәрбиеленушілер арасында соматикалық аурулар жағдайының анықталуына байланысты журнал жүргізілген. Тәрбиеленушілер үшін денсаулығы жөнінде анықтамалары алынған.

69. Жіті инфекциялық сырқаттанушылықпен қатынасуларды есепке алу журналының болуы. Жіті инфекциялық сырқаттанушылықпен қатынасу жағдайлары тіркелмеген. Журнал бөлінген.

70. Карантинді есепке алу журналының болуы. Карантинді аурулар анықталмаған. Журнал бөлінген.

71. Профилактикалық егулер картасының болуы. Профилактикалық егулер ясли-бақшада жасалынбайды. Әр баланың емдеу учаскесінде тіркелген.

72. Профилактикалық егулерді есепке алу журналының болуы. Профилактикалық егулер ясли-бақшада жасалынбайды.

73. Вакциналардың, басқа бактериалды препараттардың қозғалысы журналының болуы. Профилактикалық егулер ясли-бақшада жасалынбайды. Вакцина жоқ.

4. Манту сынамасын тіркеу журналының болуы. Манту сынамасын тіркеу журналы бар, жүргізілген.

75. Манту сынамасы бойынша тексеруге жататын тәуекел тобындағы балаларды тіркеу журналының болуы. Журнал бөлінген. Ясли бақшада манту сынамасы бойынша тексеруге жататын тәуекел тобындағы балалар жоқ.

76. Фтизиопедиатрда қосымша тексерілуге жататын туберкулин-оң нәтижелі тұлғаларды тіркеу журналының болуы. Туберкулин оң нәтижелі тұлғалар жоқ.

77. Поствакциналы асқынулар журналының болуы. Ясли-бақшада егу екпе жасалынбайды.

78. Тұрақты және ұзақ мерзімді медициналық қарсы көрсетілімдер журналының болуы. Профилактикалық егулер ясли-бақшада жасалынбайды.

79. Ашық флакондар және вакцина қалдықтарын жою журналының болуы. Профилактикалық егулер ясли-бақшада жасалынбайды.

80. Бақыланатын химиялық профилактиканы жүргізу журналының болуы. Химиялық профилактика арнайы емдеу учаскесінде жүргізіледі.

1. Паразиттік сырқаттанушылық қоздырғыштарына тексерілетіндерді тіркеу журналының болуы. Паразиттік сырқаттанушылық қоздырғыштарына тексерілетіндерді тіркеу журналы бар. Сырқаттанушылық тіркелмеген.

82. Гельминттерге тексерілген тұлғаларды тіркеу журналының болуы. Тәрбиеленушілерді гельминттерге жоспарлы тексеру журналы жүргізілген. Гельминттер бойынша сырқаттанушылық анықталмаған.

83. Педикулезге, қышымаға және дерматомикозға тексеру журналының болуы. Тәрбиеленушілерді педикулезге, қышымаға және дерматомикозға тексеру журналы бар. Ауру белгілері бар балалар анықталмаған.

84. Бала денсаулығы паспортының болуы. Әр топтарда жеке-жеке балаға денсаулық паспорты жүргізілген.

85. Тәуекел тобындағы балалар тізімінің болуы. Тәуекел тобындағы балалар жоқ.

86. Флюорографиялық оң нәтижелі тұлғаларды есепке алу журналының болуы. Флюорографиялық оң нәтижелі тұлғалар жоқ.

87. Дайын тағамдардың бракераж журналының болуы. Дайын тағамның бракераж журналы күнделікті жүргізіледі. Журналында барлығы уақытылы толтырылған.

88. Ас блогы қызметкерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналының болуы. Ас блогы қызметкерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналы басталған, бірақ санитариялық қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ас блогы жұмыскерлерін тексеріп-қарау нәтижелері журналына

деректер тіркелмеген яғни уақытылы толтырылмаған бұл ҚР ДСМ 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 132 тармағының 7 тармақшасы.

89. Бір ай ішінде тамақ өнімдері нормасының орындалуын бақылау тізбесінің болуы. 1 ай ішінде тамақ өнімдері нормасын бақылау тізбесі жүргізілген. Нормадан ауытқушылық жоқ. Сусындарды аскорбин қышқылымен витаминдеу журналы толтырылған.

90. Диспансерлік науқастарды есепке алу журналының болуы. Диспансерлік науқастарды есепке алу журналы бар. Созылмалы аурула ры бар тіркелген жоқ.

91. Тәрбиеленушілердің жеке медициналық карталарының болуы. Жеке медициналық карталары ауданаралық аурухана емдек участкелерінде тіркелген.

92. Диспансерлік бақылаудың бақылау картасының болуы. Диспансерлік бақылаудың бақылау картасы жүргізілген.

93. Тереңдетілген профилактикалық медициналық қарап тексерулер журналының, мамандар актілерінің болуы. Тәрбиеленушілерді тереңдетілген профилактикалық медициналық қарап тексерулер журналы, мамандар актілері бар.

94. Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке медициналық карталарының болуы. Тәрбиеленушілердің жеке медициналық карталары бар.

95. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын бракераждау журналының болуы. Тамақ өнімдерін және шикізаттарды бракераждау журналы бар. Шикізат, азық-түлік өнімдерін қабылдау барысында санитарлық қағиданың №9 қосымшасына сай ақпараттары жазылған.

96. Өндірістік бақылау бағдарламасының болуы. Өндірістік бақылау ұйымдастырылған. Келісімшарт Ұлттық сараптама орталығының Тарбағатай ауданы бойынша бөлімшесімен № 1388 12.04.2018ж жасалынған.

Қорытынды (Заключение): бұл Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 117т, 132 тармағының 7 тармақшасына сай емес.

санитариялық қағидалар, гигиеналық нормативтердің, (указать пункты нарушения требований санитарных правил,

және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылған тармақтарды көрсетіңіз гигиенических нормативов и иных нормативных правовых актов)

Қолдары (подписи)

Қасқатаев Дәулет Рамазанұлы.

емлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметорганының лауазымды тұлғасы

(должностное лицо государственного органа санитарно-эпидемиологического надзора

басқа да қатысқан мамандар, куәгерлер

участвовавшие другие специалисты, свидетели)

лаборант

Тексеру кезінде болдым және актінің данасын алдым (при обследовании присутствовал, и экземпляр

акта получил)

занды тұлға өкілінің немесе жеке кәсіпкердің немесе лауазымды тұлғаның лауазымы және Т.А.Ө.(должность и Ф.И.О.

представителя юридического лица или должностного лица или индивидуального предпринимателя)

Қол коюдан бас тарту туралы белгі (отметка об отказе от подписи лица)

(окончено) 2018 жылғы (года) « 08 сағат (часов) 00 минутта (минут) аяқталды.

Акт (акт составлен в) 2 данада жасалды (экземплярах) « 08 .2018жыл (год)

204-119 счётына, 24050 тенге,Тобелбасова Култай Коксегеновна атынан төлеу керек и квитанцияны маған салу керек срочно